

Көкпекті аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 45-6/6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 6862 болып тіркелді.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 2 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 сәуірдегі "Тіркелген салықтың мөлшерлемелері туралы" № 21-5/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-15-110 тіркелген, 2018 жылғы 25 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Бойков

Көкпекті аудандық мәслихат хатшысы

Т. Сарманов